



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№150
(20026)



6 қазан, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ЖОЛДАУ

2 Адастырмас алты қағида

КӨКЕЙКЕСТІ

3 Ұрпақ тағдыры тәрбиеге тәуелді

ӨНЕР

4 Дәулескер күйші, дәріпті өнер иесі

КӘСІП

4 Раушанның әсемдік рәуіші

● ПРЕЗИДЕНТ

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшысы Президент Эмомали Рахмонды туған күнімен құттықтап, бауырлас Тәжікстан халқының игілігі үшін атқарып келе жатқан жауапты мемлекеттік қызметінде табысқа жете беруіне тілектестік білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонның екі ел арасындағы дәстүрлі достықты және ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесін атап өтіп, жоғары деңгейдегі белсенді саяси диалог қазақ-тәжік халықтарының стратегиялық серіктестігін одан әрі тереңдетуге септігін тігізе беретініне сенім білдірді.

● ПАРЛАМЕНТ

КҮН ТӘРТІБІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Палата Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың төрағалық етуімен өткен Сенат Бюросының отырысында депутаттар палатаның алдағы отырысының күн тәртібін талқылады және Мәжілістен келіп түскен заң жобалары комитеттерге бөлініп берілді.

Депутаттар алдағы Сенат отырысында «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» заң жобасын қарайтын болды.

Бюро мүшелері Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті отырысының қорытындысы бойынша ақпаратты тыңдады, онда депутаттар еліміздегі медициналық қызметтердің сапасы, қолжетімділігі және даму келешегі мәселелерін талқылаған болатын. Сенаторлар Қаржы және бюджет комитеті мүшелерінің «Төртінші деңгейдегі бюджет және жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық тұрақтылығы: проблемалар және оларды шешу жолдары» тақырыбы бойынша дөңгелек үстелге дайындық аясында Ақмола облысына сапарының нәтижелерін жеке талқылады.

● ҮКІМЕТ

ЖОЛАУШЫЛАР ҚАТЫНАСЫН ЖАҢАРТУ МҮМКІНДІГІ

ЕЭК Кеңесінде ЕАЭО елдері арасында карантин жағдайында жолаушылар қатынасын жаңарту мүмкіндігі талқыланды. Бұл шара Қазақстан тарапының бастамасы бойынша ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің премьер-министрлері орынбасарларының қатысуымен бейнеконференция байланысы режимінде өткен Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің отырысы барысында іске асырылды.

Қазақстандық делегацияны ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә. Смайылов басқарды. Кеңес мүшелері карантин шаралары жағдайында ЕАЭО елдері арасындағы жолаушылар қатынасын қалпына келтіру мүмкіндігін талқылады. Қатысушы елдер азаматтардың қозғалысы бойынша бірыңғай өлшемдерді әзірлеуі қажет. ЕЭК-та санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың дамуын ескере отырып, бұл мәселе қосымша зерделенді.

Кеңес мүшелері пандемия кезінде қарқынды дамып келе жатқан интернет-сауда тақырыбын да қозғады. Экономиканың осы сегментін реттеуді пысықтау қажет. Интеграциялық кеңістік шеңберінде электрондық сауданы енгізудің ашық шарттарын белгілеу жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

«ӨРКЕН ӘЛЕМНІҢ» ЖҰМЫСЫ ӨРГЕ БАСЫП КЕЛЕДІ

Жалағаш ауданындағы «Өркен Әлем» ЖШС филиалы 2015 жылдан бері жұмыс істейді.

Серіктестіктің жұмысы арнайы киімдер дайындауға бағытталған. Кәсіпкерлік нысан 2017 жылы «СТ-KZ» сертификатын алып, 810 дана броньді кеудеше және 240 дана арнайы киім (противоосколочный костюм) дайындады. Ал 2018 жылы 5630 дана броньді кеудеше және 2 125 дана каскаға арналған бүркеме тікті. Өткен жылы шекара әскерлеріне 5000 дана броньді кеудешеге, 11000 дана каскаға арналған бүркемеге, тағы басқа 50 дана арнайы киімге тапсырыс алынып, толық орындалды.

Сб Ғазиза ӘБІЛДІ, «Сыр бойы»

Жобаны жүзеге асыру үшін облыс әкімі жанындағы Өңірлік үйлестіру кеңесінің оң қорытындысы шығып, сәйкес «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағынан 1 гектар жер телімі рәсімделген болатын. Жобаның негізгі ғимаратының құрылысына және қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға 38 млн теңгеден астам қаржы жұмсалып, 2017 жылы толық іске қосылды.

– Ел экономикасын дамыту ауылды түлетуден басталады. Сол себепті елде жаңа жұмыс орындарын ашу, заманауи үлгідегі кәсіптерді қолдау, жастарға тың серпін, бағыт-бағдар беру бас-

ты ұстаным болуы керек. Бір ғана кәсіпкерлікті дамыту арқылы біз үш бірдей мәселені шеше аламыз. Салық базасын нығайтып, жаңа жұмыс орындарын ашып, жұмыссыздық көрсеткішін төмендетеміз. Бұл ретте отбасына күнделікті апарар табысы бар адамның қоғам өміріне көзқарасы да жөнді болмақ. Сондықтан осы саланың дамуына күш салып, жаңа идеяларды жүзеге асыру бағытында жұмыс істейтін боламыз. Өзім басқарып отырған «Өркен Әлем» киім тігу цехының жұмысын одан әрі кеңейтіп, жұмыссыз жандардың екі қолына бір күрек табуына жәрдемдесеміз.



Одан бөлек, қазір электр энергиясын үнемдейтін лампаларды шығаруды жоспарлап отырмыз, – дейді серіктестік басшысы Жаксылық Өзденбаев.

Айта кетейік, өткен жылы өндіріс ғимараты кеңейтіліп, Оңтүстік Кореядан каска дайын-

дауға қажетті құрал-жабдықтар алынды. Сондай-ақ, қосымша 20 адам жұмысқа тартылды. Қазір «Өркен Әлем» ЖШС 45 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған. Биыл, көктем-қыс айларындағы пандемия өршіген уақытта серіктестіктің жеке қаражаты

есебінен 18500 дана медициналық маска тігіліп, аудан халқына тегін таратылды.

Қазір шекара әскери қызметіне 4840 дана броньді кеудешеге тапсырыс алынып, жұмыс жүргізілуде.

Жалағаш ауданы

● ЕГІН-2020

АҚ КҮРІШІ ЖАЙҚАЛҒАН АЛҚАП

Шиелі ауданы Ш.Қодаманов ауылындағы «Төңкеріс және К» шаруа қожалығы ұзақ жылдан бері күріш өсірумен айналысады. Жылма-жыл мол өнімге негіз қалап, табыстан тау тұрғызып жүр. Сол жарасымды үрдіс биыл да жалғасын тапты.

Қожалық мүшелері 1000 гектарға күріш екен болатын. Бүгінде сол алқаптың басым бөлігіне орақ салынып, біршама ауамағын бастырып үлгерді. Өзірге өнім гектарына 60 центнерден айналып отыр.

– Күздің әр күні жылға азық екенін білеміз. Берекелі мезгілдің әрбір сәтін қалт жібермеуге көңіл бөліп отырмыз. Еңбеккерлер күрішті орып, оны жинау бағытында тиінақты тірлігімен көзге түсіп келеді. Ала жаздайғы еселеі еңбегіміз еш кеткен жоқ. Әр гектардан мол өнімге негіз қаланды. Шаруашылықта 100-ге тарта адам еңбек етеді. Жылма-жыл күріштің «Лидер», «Янтарь» сортты егіледі. Ендігі кезекте жергілікті сорттардың сынақтан өткізу жоспарда тұр, – деді қожалық төрағасы Бауыржан Көпеев.

Аталған құрылымда биыл күріштен өзге бидай, мақсары, жоңышқа егуге мән берілген. Биыл 200 гектардан астам бидай, осынша көлемде мақсары, 500 гектардан астам жоңышқа жиналды. Жылма-жыл машина-трактор паркін жаңалауға назар аударылуда. Американдық «John Deere» комбайны егінді шашпай-төкпей жинауға үлкен септігін тигізіп отыр. Қожалық мүшелері биыл минералдық тынайтқышқа, суға субсидия алды. Сондай-ақ, жеңілдетілген жанармай игілігін қорды. Дала қосынды дүбірлі еңбек көрігін қыздырған диқанар күріш орағын жақын күндерде толық аяқтайды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 5 қазандағы мәліметі бойынша өңірде 81847 гектар күрішке орақ салынған. Оның 71974 гектары бастырылды. Әр гектарынан орташа есеппен 56 центнерден өнім жиналуда.

«СБ» ақпарат

● ӨНІР ӨНДІРІСІ

КЕШЕН КЕҢЕЙЕ ТҮСТІ

Теңізді өлке десек, еске түсетіні – алдымен балық. Қуаныштысы, шеткері жатқан аудан осы үдеден шығып келеді. Мұнда 9 балық зауыты жұмыс істесе, оның төртеуінде «Еврокод» белгісі бар. Жылына 12 мың тоннадан астам өнім шығуда. 2000- жылдардың басындағы есеппен салыстыра қарасақ, балық аулау 20 есеге артқан.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС «Тауарлы балықты өсіру және тереңнен өңдеу кешенін кеңейтуді» жобасын жыл басында қолға алған еді. Жылына 4500 тонна балық өңдеуге қауқарлы, 50-ден астам жұмысшысы бар серіктестік балық аулау, сақтау, өңдеу, сату жұмыстарымен айналысады. Ресей, Польша, Германия, Грузия, Қытай елдеріне өз өнімін экспортқа шығарып отыр. Мекеме басшысы Әділбек Әйімбетов бізге жаңа жоба жайлы айтып берген еді.

– Біздің зауыт бұрынғы «Аралрыб-пром» ізімен 2009 жылы құрылған. 2010 жылы алғашқы өнімі шығып, соңғы он жыл ішінде өнім көлемі 17 есеге артты. Теңіздегі 5 учаске, қосымша көлдерден балық ауланып, дайындалған өнімді шет елдерге шығарып отырмыз. 2012 жылдан бері «Еврокод» белгісін алып, көрші мемлекеттерге жіберудеміз. Адам жоспарымыз көп. Мына қолға алған жоба арқасында тоғандар салып, қосымша цех пен жұмысшыларға жатақхана тұрғыздық. Арал қаласындағы балықты тереңнен өңдеу цехына 640 тонна балық сақтайтын мұздатқыш камерасы салынды. Бастысы, балық түрлерін көбейтіп, зауыт жұмысын жандандыра беру, – дейді Әділбек Әйімбетов.

Биылдан бастап дайын өнім экспорт-



тайтын зауыт өз мүмкіндігін кеңейтуде қомақты қаржы алып, жобаның біршама жұмыстары атқарылған. Мысалы, цех жұмысы ұлғайып, Бөген ауылдық округіндегі мұзлату цехы және жатақхана іске қосылған. Зауыт басшысының айтуынша, енді Қарашалаң ауылына жақын «Домалак» көлінен балық аулау шаруашылығын құрып, Қамбаш жағасынан туристік орталық тұрғызылмақ.

ЖӘРМЕНКЕДЕ БӘРІ БАР

Қызылорда қаласында аудандардың кеңейтілген ауылшаруашылық жәрмеңкесін өткізіп, базар бағасынан 10-15 процент арзан өнімдермен қамтамасыз ету дәстүрі қалыптасқан. Жәрмеңке маусымында әр сенбі сайын шаруалар өз өнімдерін әкеліп, жергілікті тұрғындарға азық-түлік мерекесін ұйымдастыруда.

Сб Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Өткен сенбіде Астана даңғылы (Е.Көшербаев көшесі мен А.Иманов көшесінің аралығы) бойында таңғы сегізден бастап, дәстүрлі ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Жаңақорған ауданының еңбеккерлері 284 тонна табиғи таза өнімді арзан бағада халыққа ұсынды.

Аудан мен елді мекендерден

83 көлікпен ауыл шаруашылығы өнімі жеткізілді. Онда 120 тонна картоп, 10 тонна асқабақ, 8 тонна ақ күріш бар. Өнімдер нарықтық бағадан 10-15 процентке төмен сатылды. Ет өнімдері жоғары сұранысқа ие болды. Кәсіпкерлердің әкелген 800 келі еті әп-сәтте сатылып кетті. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі көптің

көңілінен шықты. Тұрғындар қыстың қамына кірісіп, азық-түлік қорын молынан алды. Молшылық болған жәрмеңкеге арнайы келген қала тұрғыны Самат Артықбаев та ауыл сыбағасынан алып үлгеріпті.

– Азанғы сегіз шамасында келдім. Адам қарасы көп. Өнімнің бәрі бар, тез өтіп кетуде. Баға қолжетімді. Мен де қысқа қамданып, картоп, піяз, асқабақ, сөбіз және дәмі тіл үйретін қауын-қарбыз алдым. Балаларым қуанып қалатын болды. Жылда осы уақытта азық-түлік мерекесін күтеміз. Бұл дағдыға айналған. Себебі, бақша дақылдарын молынан алып, қыстан шығамыз, – деді ол.

Сонымен қатар бұл күні Қызылорда қаласының шаруалары да С. Толыбеков көшесінің ("Тағзым" алаңының алды) бойында жәрмеңке ұйымдастырды. Жергілікті халық жәрмеңке болатынын алдын ала естіген. Мұнда тансәріден бастап халық көп жиналды. Тауарөндірушілер өнімдерін 67 көлікпен әкелген, 130 тонна өнімді сөреге шығарып, базар бағасынан 10-15 процентке төмен саудалады.

Тұтынушыларға 73,2 тонна картоп пен көкөніс, 3,4 тонна ет, 14,5 ақ күріш, 13 мың дана жұмыртқа, 1 тонна сүт өнімдері ұсынылды.

Әлеуметтік маңызы бар өнімдер молынан сатылды.

ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ ӨТТІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» республикалық ғылыми-ағарту жобасы аясында «Сөз маржаны» облыстық зияткерлік байқауы ұйымдастырылды.

Сайысқа қаладағы өзге ұлт өкілдері қатысып, «Кім тапқыр?», «Қайым айтыс», «Құпия сөз», «Балама мағына», «Тіл өнері» кезеңдерінде белсенділік танытты.

Сайыс нәтижесінде жүлделі І орынды №198 орта мектебінің оқушысы Луиза Садиги, II орынды №7 мектеп-лицейінің оқушысы Мұхаммедәлі Гафуров иеленсе, III орын №7 мектеп-лицейінің оқушысы Ильяна Кимге бұйырды. Жеңімпаз жастарға Алғыс хат пен арнайы сыйлықтар табысталды.



